ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
АРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМІ

АКИМ
ГОРОДА АРАЛЬСК
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ӨКІМ

РАСПОРЯЖЕНИЕ

«25» ақпан 2026 ж./г.
Арал қаласы

№ 38-өлек
город Аральск

Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі Заңының 16-бабының 3-тармағы 28) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен (мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35238 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 506, 507-тармағына және «Қазақстан Республикасы бәсекелестікті қорғау және дамыту агентігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 31 желтоқсандағы №04-09-2040 хатына сәйкес:

1. «Арал қаласында көшелерді абаттандыру бойынша қызмет, оның ішінде саябақтарды, автопарктерді, сквелерді, аллеяларды, балалар және спорт алаңдарын ағымдағы жөндеу және күтіп ұстау жұмыстарын» бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу арқылы жүзеге асырылсын.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты«Арал қаласы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әдіскері Н. Жұбатқановқа:

– «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі Заңының 16-бабының 6) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, өнім берушіні айқындау;

– өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберу;

– шарт жасалған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей бекітілген нысан бойынша шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу туралы есепті веб-порталда орналастыру тапсырылсын.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Арал қаласы әкімінің орынбасары А. Алтайұлына жүктелсін.

4. Осы өкім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енеді.

Арал қаласының әкімі **Б. Ұзақов**

000616